

Сайын Шапағатов ауылдық округі жергілікті қоғамдастық
жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 1

С.Шапағатов а.о

05 маусым 2025

жыл

мәдениет үйі

Сағ:

10:00

Төраға: Жергілікті қоғамдастық төрағасы - Амантурлин Қалдан

Хатшы: Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы
Ә.Жұмаханова

Қатысқандар: Түпқараған аудандық маслихат депутаттары, жергілікті
қоғамдастық мүшелері, ардагерлер кеңес мүшелері, көше тұрғындары.

С. Шапағатов ауылдық округіндегі көше бойында орналасқан үй-жайлардың
жалпы тұрғындар саны – 734 адам.

Қоғамдастық жиналысына барлығы – 121 (16,5 пайыз) адам қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Сайын Шапағатов ауылдық округінің атау жоқ көшелеріне Ұлы Отан
соғысы ардагерлерінің атауын беру туралы.

Тыңдалды:

- 1.1 **С. Көптілеуов** (ақсақалдар кеңесінің төрағасы) – Құрметті
жиналысқа

қатысушылар жиналысымыз өздеріңізге мәлім, Сайын Шапағатов ауылдық
округіндегі атауы жоқ көшелерге атау беру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Күн тәртібіндегі ұсынымға сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрінің
2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығы негізде әзірленген «Әкімшілік-
аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды
қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен
өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» және 2024
жылғы 24 қаңтарда өткен отырысында мақұлданған ҚР ономастикалық
жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемік ұсынымдар негізге асады.

- Ұзындығы 140 м құрайтын орналасу аймағы Сайын Шапағатов ауылдық
округі А.Бекенжанов және М.Елубаев көшелерінің қиылысу аймағы -
«Сембай Көптілеуов» атауын беру.
- Жалпы ауданы 19500м2 құрайтын орналасу аймағы 1 кварталға –
«Орынжан Өмірзақов» атауын беру.

- Ұзындығы 2000 м орналасу аймағы А.Бекенжанов және С.Тұрымов көшелерінің қилысы аймағы – «Маху Абдуллаев» атауын беру үшін, баяндамасы тыңдалып, жиналысты ашық деп жариялады.

Сөз сөйлегендер:

Абдуллаев Нұрнияз Аюпұлы – Ұлы Отан соғысының ардагерлері-батырлық пен қайсарлықтың, отансүйгіштік пен ерліктің жарқын үлгісі. Олар өз өмірін қатерге тігіп, келешек ұрпақтың тыныш әрі бейбіт өмір сүруі үшін күресті. Қиын- қыстау заманда туған жеріміз үшін жан алып, жан берген ардагерлерімізді құрметтеу біздің парызымыз. Ардагерлеріміздің есімі еленіп көше атауына ұсынылып жатырғанына қуанамын.

Сайын Керелбаев - Ауылымыздағы өзгерістер оңынан болсын. Біздің парызымыз- ардагерлерді ұмытпау. Оларға лайықты құрмет көрсету, жас ұрпаққа олардың ерлігі жайлы айтып отыру. Олар- тарихтың тірі куәгерлері. Ұсынып жатырған ардагерлерді қолдаймын.

Ж.Тұрарұлы – Осы ұсынылып отырған көше атауларының есімдерін халық арасында насихаттау мақсатында жұмыстар жүргізілсе деген ұсынысым бар.

Ш.Абдуллаев – ұсыныстарыңыз өте орынды. Әр көшенің атауы болуы қажет.Осы атаулар халыққа дұрыс насихатталып, сол атауларымен халық арасында аталса нұр үстіне нұр болары анық. Әр атау сол тарихи өтпелі кезеңдердің бір куәсі.

Айкешов Руслан- Бүгінгі бейбіт күні- осы кісілердің ерлігі мен жанқиярлығының нәтижесі. Бір әрқашанда ардагерлерімізге құрметпен қарап, олардың ерлік жолын ұмытпауымыз керек. Олардың батырлығы- мәңгілік ел жадында сақталды.

Жиналысты қорытындылай келе, ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Сайын Шапағатов ауылдық округінің тұрғындары Сембай Көптілеуов, Орынжан Өмірзақов, Маху Абдуллаев атауларын, Сайын Шапағатов ауылдық округінің атаусыз көшеге беру мақұлдандын:

Тұрғындардың ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстар ашық дауысқа салынды.

Қорытынды:

Қолдаушылар – 121 адам

Қарсы – 0

Қалыс қалғандар –0

Қабылданған шешім:

Осы хаттамадан туындайтын өзге де шаралардың Заңнамада белгіленген тәртіппен орындалуын, соның ішінде ұсынымның онамастика комиссиясының қарауына жолдануын қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрағасы:

К.Амантурлин

Хатшысы:

Ә.Жұмаханова